

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы № 19 2026 жылдың «27» наурыз
«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел
даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы
ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/86224662409?pwd=QMU9kXpVb2li1fDSBeRY2iAWM0yyn9.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Оспанова Гульден Джетысовна
5. Тикенов Еркін Амангельдинович
6. Курумбаев Айбулат Шамуратович
7. Акильбеков Берик Ахмедиянович
8. Салимова Вагида Вилиновна

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

9. Газизов Талгат Жанатович
10. Мусина Шырын Каиргельдиновна
11. Бердибеков Даурен Айдарович.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістерге және олардың туристік саланың дамуына ықпалына қатысты мәселелерді талқылау.

2. Қоғамдық кеңес құрамына енгізу үшін кандидаттардың өтінімдерін қарау.

Күн тәртібіндегі бірінші «Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістерге және олардың туристік саланың дамуына ықпалына қатысты мәселелерді талқылау» мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің төрайымы Салимова В.В. сөз сөйлеп, елде жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілетінін хабарлады.

Осыған байланысты туристік саладағы ұлттық парктерге, гидтерге және өзге де нормаларға қатысты бірқатар нормаларды әзірлеуге жәрдем көрсету туралы ұсыныс енгізді. Одан кейін сөз Қоғам Басқармасының төрағасына берілді.

Қоғам Басқармасының төрағасы Газизов Т.Ж. қатысушылармен амандасып, сөзді туристік әлеуетті талдау департаментінің директоры Бердібеков Д.-ға берді. Ол кеңеске «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңға соңғы уақытта енгізілген түзетулерді таныстырды.

Д.Бердібековтің баяндамасынан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері субсидиялар, аймақтардағы инфрақұрылымды дамыту, «жасыл дәлізге» кіретін елдер, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын кеңес мүшелеріне алдын ала қарауға ұсыну (Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алдында), кеңес мүшелерін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қосу, Қоғамдық кеңестің төрайымы В.В. Салимованың және Қоғам атынан кеңестің басқа мүшелерінің туристік нысандардағы мониторингке және басқа да экологиялық іс-шараларға қатысу мүмкіндігі, кәмелетке толмағандардың ұлттық саябақтарға кіруі туралы заңға енгізілген жаңа түзетулер және туристік нысандардың тізілімі бойынша сұрақтар қойды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына Д. Бердібеков заңнамаға қатысты жауап берді, мониторингтерге қатысу мәселесі бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы мәселені зерделеп, жауап береміз деп жауап берді.

Содан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамның басқарушы директоры Ш.Мусинаға көрмелер бойынша, 2025 жылы өткізілген іс-шаралар, 2026 жылға арналған көрмелер жоспары бойынша егжей-тегжейлі есеп беру, туризм және спорт Министрімен Қоғамның бюджеті бойынша кездесу мүмкіндігі туралы сұрақтар қойды.

Мусина Ш. кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, Қоғамдық кеңес мүшелері сұраған ақпаратпен аналитикалық есеп жіберетінін мәлімдеді.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, электрондық сауалнама жүргізу арқылы Қоғамдық кеңес көпшілік дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-нан сұрату:

1) Қоғамдық кеңестің төрайымы мен мүшелерінің туристік нысандарда экология саласындағы заңнама талаптарының сақталуына қатысты мониторингтерге қатысу мүмкіндігі туралы жазбаша жауап;

2) гидтер, экскурсоводтар және туризм нұсқаушылары қызметі қағидаларының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына Қоғамдық кеңес төрайымы Салимова В.В.-ны енгізу мүмкіндігін қарастыру;

3) әзірленіп жатқан нормативтік құқықтық актілер жобаларын алдын ала ұсыну.

Күн тәртібіндегі екінші «Қоғамдық кеңес құрамына енгізу үшін кандидаттардың өтінімдерін қарау» мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігі кеңес құрамына енгізу үшін өтінім берген кандидатқа қатысты мүдделер қақтығысы бар деген пікір білдірді.


Қоғамдық кеңестің төрайымы кеңес мүшелерінің пікірін қолдап, кеңес құрамындағы бос орынға қосымша мүше іріктеу үшін қайта конкурс жариялауды ұсынды.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, электрондық сауалнама жүргізу арқылы Қоғамдық кеңес көпшілік дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кеңес мүшелігіне өтініш берген үміткерді қабылдамау. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті рәсімдерді қолдана отырып, Қоғамдық кеңестегі бос лауазымға қосымша конкурс жариялау.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне шығарылған барлық мәселелер қаралды. Отырыс хаттамасы қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы


В. Салимова

Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы


Ш. Бакаева